

3 сабақ тапсырмалары.

№1. Картадағы екі қала арасын қосатын кесіндінің ұзындығы 3,5 см. Осы екі қаланың Жер бетіндегі ұзындығы 87,5 км. Картаның масштабын табыңыз.

№2. Екі елді мекеннің Жер бетіндегі арақашықтығы 68 км. Осы екі елді мекеннің масштабы 1 : 1 700 000, картадағы арақашықтығын табыңыз.

№3. Квадрат пішінді гүлзардың қабырғасының ұзындығы оның периметрінен 18 м қысқа. Осы гүлзардың планын 1 : 200 масштабпен дәптерге сызыңыз. Гүлзар планының дәптер бетіндегі ауданын табыңыз.

№4. Масштабы 1 : 3 800 000 картада Ерейментау Екібастұз қалаларының арасындағы теміржол торабының ұзындығы 4,4 см болып кескінделеді. Ерейментаудан Екібастұзға дейінгі теміржол торабының Жер бетіндегі ұзындығын табыңыз.

№5. Екі елді мекен арасын мотоциклші 40 км/сағ жылдамдықпен 1 сағ 24 мин жүрді. Осы екі елді мекеннің картадағы арақашықтығы 4 см болса, картаның масштабын табыңыз.

№6. Картадағы 1,8 см кесіндіге Жер бетіндегі 270 км арақашықтық сәйкес. Осы картадағы 2,7 см кесіндіге Жер бетіндегі неше километр арақашықтық сәйкес?

A. 300 км; B. 285 км; C. 345 км; D. 405 км.

№7. Картадағы 4,6 см кесіндіге Жер бетіндегі 230 км арақашықтық сәйкес. Жер бетіндегі 575 км арақашықтыққа осы картада неше сантиметр кесінді сәйкес?

№8. Тік төртбұрышты алаңның ауданы 73 500 м². Осы алаңды масштабы 1 : 7000 сызбада кескіндегенде, ұзындығы 5 см тік төртбұрыш шықты. Алаңның Жер бетіндегі ені неше метр?

№9. Масштабы 1 : 6 000 000 картада теміржолдың ұзындығы 18 см. Пойыз теміржолдың осы бөлігін 75 км/ сағ орташа жылдамдықпен неше сағат жүреді?

A. 14,4 сағ; B. 13,5 сағ; C. 12,8 сағ; D. 16 сағ

№10. Масштабы 1 : 7 500 000 картада А және В қалаларының арақашықтығы 2,8 см. А және В қалаларының жер бетіндегі арақашықтығы неше километр?

№11. Бөлменің өлшемдері 30 м және 24 м. Сызбадағы кіші қабырға 6 см. Панда бөлменің үлкен қабырғасын беретін кесіндінің ұзындығын табыңыз. Картаның масштабын көрсетіңіз.

№12. 1: 5 000 000 масштабымен берілген картада екі қаланың арасы 18 см. Масштаб 1 : 10 000 000 болса, картадағы арақашықтық қандай болар еді?

maxmath.kz